



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2021 жылдың 28 мамыр – 4 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу

2021 жыл, 7 маусым

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 4 маусымда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,1%-ға (427,90-нан) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 428,15 теңге деңгейінде қалыптасты.


Сыртқы валюта нарығында 2021 жылы 28 мамыр мен 7 маусым аралығында дамушы елдер валюталарының серпіні жан-жақты болды. Мамыр айында АҚШ-тағы еңбек нарығы біраз жақсарған, алайда, сарапшылардың болжамынан төмен деңгейде дамыды: жұмыссыздық 5,8%-ға дейін төмендеп, ауыл шаруашылығына жатпайтын салаларда жұмыспен қамтылғандардың саны 559 мың адамға көбейді. АҚШ-тың іскерлік белсенділігі мамыр айында 64%-ға дейін өсті.

Дамушы елдер валюталарының¹ АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Бразилия реалының** әлсіреуін хеджирлеу бойынша шетелдік инвесторлардың позициясы қысқарған соң, сондай-ақ, бұдан да күшті экономикалық өсімнің (2021ж.1тоқсаны +1% ж/ж) болашағына байланысты 3,4%-ға нығайды (5,23-тен 5,05-ке дейін)
- **Оңтүстік Африка ранды** жергілікті қор нарығына келген бейрезидент тұлғалардың ағымына байланысты 2,4%-ға нығайды (шетелдік инвесторлардың 5 күндік орташа нетто-ағымы \$36,5 млн-ға дейін артты);
- **Ресей рублі** мұнай бағасының жағымды қарқынының артынан 0,5%-ға нығайды (73,2-ден 72,85-ке дейін);
- **Индонезия рупиясы** жаһандық «тәуекел тәбетінің» жақсаруы аясында 0,5%-ға нығайды (14 355-тен 14 285-ке дейін). ОБ базалық ставканы бұрынғы деңгейінде қалдырды (3,5%);
- **Мексика песосы** 19,94-тен 19,96-ға әлсіреп, бір апта ішінде іс жүзінде қатты өзгермеді деуге болады;
- **үнді рупиясы** қор нарығынан шетелдік инвестицияның кетуіне байланысты және мұнай бағасының өсуіне байланысты, 0,8%-ға әлсіреді (72,44-тен 73-ке дейін). Индияның ОБ Covid-19 вирусы өршіп кеткен соң, ставканы 4% деңгейінде сақтап қалды;
- **түрік лирасы** инфляция туралы мәліметтер экономистердің болжамынан төмен болған соң және Түркия Президентінің ставканы төмендету туралы үндеуінен кейін 1,3%-ға әлсіреді (8,56-дан 8,67-ге дейін).

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты
бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың басынан бастап 2021 жылдың
4 маусым аралығында)**



**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты
бағамдарының өзгеруі, % (2021 жылдың 28 мамыр - 4 маусым
аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2021 жылғы 21 мамыр =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz